



ӘБІШ ӘЛЕМІНДЕГІ ӘҢГІМЕЛЕР

Ж.К.Толетова

қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау магистрі, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы,
e-mail: zhadira.toletova@yu.edu.kz

1939 жылы 6 желтоқсан күні Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Оңды ауылының Мырзайыр деген жерінде дүниеге келген. 2015 жылы 11 желтоқсанда Астана қаласында өмірден озды. Әбіш Кекілбайұлы үш жаста болғанда, әкесі соғысқа аттанып, сол күйі оралмаған. Кекілбайдың дүниеден өткенін отбасы бірнеше жылдан кейін ғана білген. Бала жазушының анасы Айсәуле ел ішінде аты шыққан бидің отбасында туған. Бала кезінен әдебиетке құмартса да, әдебиетші боламын деп армандамаған. Ең алғашқы арманы – геолог болу еді.

"Шетте жатқан Маңғыстауда тудым. Ол кезде Маңғыстаудың шаруашылығы да, экономикасы да артта қалған еді. Жолсыз, көп нәрсені көрмейтін, айда, жылда поштасы бір соғатын жерде туып өстім. Соған байланысты менің ең бірінші арманым – өзім өскен ортада, өзім өскен түбекте жаңару болса екен деп тіледім. Сөйтіп әуелі геолог болуға құмарттым. Өйткені ол кезде геологтар Маңғыстауда көп кезігетін. Мен де соларға еріп, біраз сергелдеңге түстім. Әдебиетті жақсы көрдім, оқыдым, ептеп өлең жазып жүрдім. Бірақ әдебиетші боламын деп армандаған жоқпын", - деген жазушы бір сұхбатында.

"Кітапты, бұрынғының кітаптарын көп оқитын. Бала болып алысып-жұлысу дегенді, бұрқырап беталды жүру, темекі тарту дегенді білмейтін. Балалардан гөрі үлкен кісілерге үйір еді. Олар да бетінен қақпайтын. Оныншы класты бітіргесін ауылдан да, ауданнан да қызмет ұсынды. Мен оған "былай бол" деп бір ауыз сөз, ақыл айтқан емеспін. Қызметке тұрып, ауылда қалайын деп жатқан жерінде жалғыз немере ағасы "Жас та болсаң, басың оқы. Қызмет қайда қашады? Алматыға бар" деді. Алматыға да жалғыз кетті. Дәм айдап келген ғой, оқуын бітірген соң, осында қалды", - деген еді анасы Айсәуле Жұмабайқызы. Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетін 1957 жылы аяқтайды. Университетте әдебиет бірлестігін басқарып, жас талаптар



шоғырын жарыққа шығарады. Соңғы курста оқып жүріп, "Қазақ әдебиеті" газетінде қызмет атқарады. "Лениншіл жас" газетінде бөлім меңгерушісіде болып үш жылдай ҚазКСР Мәдениет министрлігінде жұмыс істеп, кейін екі жыл Кеңес армиясының қатарында болады. Содан соң әр жылдары "Қазақфильм" студиясында бас редактор, ҚазКСР мәдениет министрінің орынбасары, Қазақстан жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы, ҚазКСР тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы Орталық кеңесінің төралқа төрағасы, Қазақстан КП ОК бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарды.

Әбіш Кекілбаевтың алғашқы өлеңдер жинағы "Алтын шуақ" (1962) деп аталады. "Бір шөкім бұлт" (1965), «Аш бөрі», «Ең бақытты күн», «Ажар», «Жүнді барақ», «Ақ қайың», «Ор теке», «Ауыз», «Көлденең көк атты», «Есболай», «Тасбақаның шөбі», «Керек адам», «Міне, керемет!», «Ақырғы аялдама», «Галстук сатушы қыз», «Абылай хан», «Белая береза», «Встречный-поперечный», «Есболай» (рус.), «Ну и чудеса!», «После встречи».

Жазушының «Көз жасы» әңгімесінде басты кейіпкер Ажардың өмірін кенеттен басталған сұм соғыс тас – талқан етеді. Өмірдің бұралаң жолдары болатыны, тағдыр әркімді әртүрлі сынаққа салатыны туралы шығарманың келесі жолдарынан көруге болады: «Өмір деген кексе қу. Оның қыры мен сырына түсіну ешкімнің қолынан келе қоймас. Түсінбек түгілі, оның алдында нәресте сияқтысың. Тәттіні үсті - үстіне асатады да, кенет ащы бірденені аузыңа тоса қояды». Соғыс оны күйеуінен айырады. Күйеуі жоқ әйелге сөз көп ереді. «Жүрекке әмір жүрмейді» демекші, Ажар көршісі Жамал апайдың жалғыз баласы Әбенмен көңіл жарарастырады. Жамал апай елдің өсегін құлағы шалып, қарсы болады. Аз күн әурен сүргенмен, ақ пейіл махаббаттың ескерткішіндей қалған жалғыз ұлы оның көкірегін қасірет азабынан арылтады.

Қаламгер Әбіш Кекілбаев өзінің келесі туындыларында жаңа замандағы әйел – аналар бейнесін жасайды. «Құс қанаты» повесінде өз анасы Айсәуленің бейнесін сомдайды. Бала кезінен аштық – тоқтық, жесірліктің тауқыметін тартқан қайсар ана жалғыз ұлын аман – есен адам қатарына қосуды өз аналық мұраты деп біледі. «Әбіштің анасы», «Айсәуле әже», «Ай – ана», «Ай – енем», «Ел анасы», «Кекілбайдың Айсәулесі» болып дәріптелген Айсәуле ана – қарапайым ғана көргені мен түйгені мол қазақ әйелі.

Автор тумысынан біткен байқампаздығы мен аңғалдығын, ақыл – парасатын нәзік тілді юмор тілімен суреттеп, ауылда өскен қазақ әйелін қала ортасына алып келіп, ғасырлар бойғы қалыптасқан далалық мінездің о бастағы тұғырдан ауытқымайтындығын, алаңсыз адамшылдық пен қарапайым



қайырымдылық әсте жоғалып кетпейтіндігін нанымды суреттейді. Классик қаламгер қара сөздің құдіреті арқылы елдің намысын оятып, рухын көтерді. 2009 жылы "Сыр десте" деп аталатын автордың көп жылдық ой-толғаулары, эссе, естелік, сөйлеген сөздерінің бес томдық жинағы жарыққа шықты.

Қазақстанның Еңбек Ері, Отан ордені, Назарбаев ордені, ҚР тәуелсіздігіне 10 жыл медалі, ҚР Парламентіне 10 жыл медалі, Астана қаласына 10 жыл медалі, Құрмет белгісі ордені, Достастық ордені, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының иегері, Елбасының бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының иегері, Қазақстанның халық жазушысы, Маңғыстау облысының құрметті азаматы

